


**ЦИКЛОГРАММА**  
**I апта қыркүйек айы 2021ж**  
**«Болашақ» тобы**

**Өтпелі тақырып «Балабақшада»**  
**Тақырыпша. «Менің балабақшам»**

Күн тәртібі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу</b>	Балалардың көңіл-күйін бақылау, дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени-гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. <b>Ата-аналармен жұмыс:</b> «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.		
<b>Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б.)</b>	<b>Картотека №6</b> Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын. «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалар жыл мезгілдері туралы айта алады. <b>4 к моделі, Бала үні</b>	<b>Картотека №10</b> Құрылымдалған дидактикалық ойын «Жол әліппесі» Мақсаты: балалар алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен танысады, жолда жүру ережесін түсінеді. <b>4 к моделі, Бала үні</b>	<b>Картотека №14</b> Құрылымдалған дидактикалық ойын «Кімге не керек» Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта біледі. <b>4 к моделі, Бала үні</b>
<b>Таңертеңгі гимнастика</b>	<b>Қыркүйек айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</b> Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау		
<b>Таңғы ас</b>	<b>Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау</b> <b>Ойын- жаттығу :</b> Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. <b>Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"</b> Рахмет айтуға тәрбиелеу		
<b>Ойындар, ҰОҚ дайындық</b>	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. <p align="center"><b>Шаттық шеңбері:</b>                      Көк аспанда күн күлсін,                      Бірге күлсін бүлдіршін.                      Көк аспанда күн күлсін,</p>		

Жерге ұдайы нұр күйсын.			
<p><b>Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері</b></p>	<p><b>1.Математика негіздері.</b>  <b>Тақырыбы:</b> Топтағы заттар .«Көп», «Біреу» ұғымдары»  <b>Мақсаты:</b> «Көп», «Біреу» ұғымдарын біледі. , топтағы заттардан бір немесе көп заттарды тауып көрсетеді, топтағы біртекті заттардан топтар құрастыруға одан біреуін бөліп көрсетуге үйренеді.  <b>Ресурстар:</b> дидактикалық материалдар  <b>Әдіс-тәсілдер:</b> 4К моделі: командада жұмыс жасау,  <b>Ұйымдастыру кезеңі.</b>  <b>I.Шаттық шеңбері.</b>  Біз ерекше баламыз  Айтқан тілді аламыз  Достарымды көргенде  Қуана қарсы аламын.  Балалар қазір жылдың қай мезгілі?  Күз мезгілі неше айдан тұрады?  Қазір қай ай?  Ауа- райы қандай болып тұр?  <b>Бала үні, сыни ойлау.</b>  <b>Қызығушылықтарын ояту.</b>  <b>Тосын сәт.</b> Білмеспек келеді.  Балалармен амандасып, көмек сұрайды.  Мен санау білмеймін.  Менің оң қолымда қанша шар және сол қолымда қанша шар бар?</p>	<p><b>1.Жаратылыстану</b>  <b>Тақырыбы:</b> Балабақша ауласына саяхат  <b>Мақсаты:</b> Балабақша ауласына бақылау жасайды, өсіп тұрған өсімдіктердің аттарын атап, қамқорлық жасауға үйренеді  <b>Ресурстар:</b> Ауладағы ағаштар  <b>Әдіс-тәсілдер:</b> 4К моделі: командада жұмыс жасау,  <b>Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.</b>  <b>1.Шаттық шеңбері:</b>  Армысың,асыл күн!  Армысың,көк аспан!  Армысың,жан досым!  Жылуына жылу қос.  <b>2. Ой қозғау.</b>  -Балалар біздер күн сайын таңертең тұрып қайда келеміз?  - Онда біз кімдерді көреміз, сендерді кім қарсы алады? <b>(бала үні)</b>  - Дұрыс, балалар.  <b>3.Тосын сәт. Айгүл қуыршақ қонаққа келеді.</b>  Айгүл: Саламатсыздар ма,балалар! Мен балабақша ауласымен танысқым келеді?  Балабақша ауласында нелер бар? Маған көрсетесіңдер ма?  <b>4.Балбақша ауласына саяхат.</b>  <b>Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау</b>  Балабақша ауласына саяхатқа алып шығу.Аулада өсіп тұрған ағаштармен, бұталармен таныстыру.</p>	<p><b>1..Музыка</b>  <b>Маман жоспары бойынша</b>  <b>2.Мүсіндеу</b>  <b>Тақырыбы:</b>«Балабақшадағы әр түрлі доптар»  <b>Мақсаты:</b> Түрлі тәсілдерді қолдана отырып, таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып мүсіндеуді үйренеді.  <b>Ресурстар:</b> Үлгі доп, ермексаз, тақтайша  <b>Әдіс-тәсілдер:</b> 4К моделі: командада жұмыс жасау,  <b>Оқу қызметінің барысы:</b>  <b>I.Шаттық шеңбер</b>  Кел балалар, күлейік  Күлкіменен түлейік!  Қабак түйген не керек?  Көңілді болып жүрейік.  Кел балалар, күлейік!  Күлкіменен түлейік!  Күлкі көңіл ашады,  Күліп өмір сүрейік!  <b>II.Миға шабул</b>  <b>Жұмбақ жасыру</b>  Тепсең-ақ секіріп,  Ұстатпай қашады.  Бір жерге бекініп,  Тұра алмай сасады.  <b>бала үні, сыни ойлау</b>  <b>Ой қозғау.</b>  .Сұрақ-жауап:  -Доп не үшін қажет?  -Допты неден жасайды?  -Доппен ойнайтын ойындарды атаңдар?  <b>(бала үні)</b></p>
			

Тақтадағы суреттер бойынша жұмыс.

**Пед жетекшілігімен ойын: «Кім тапқыр?»**

– Суретте ең көп бейнеленген қандай зат?


–Қандай заттар бір-бірден салынған?

Мұнда қанша тауық бар?

- Қанша балапандар бар?

- Мына ағашта қанша алма?

- Ал, мына ағашта қанша алма?



**Үдеріс арқылы саралау,**

**Сыни ойлау, бала үні.**

Балаларды мадақтау.

Білімсіз балаларға рахмет айтып, қоштасып кетеді.

**Сергіту сәті.**

Бір дегенде-тік тұрамыз!

Екі дегенде-екі рет айналамыз.

Үш дегенде-үш рет секіреміз.

Төрт дегенде- отырамыз.

**Құрлымдалған ойын**

**«Поезд»**

Кәне бір-біріміздің артына тұрып, ұзын вагон болып тіркесейік.

Оң жаққа бұрылыңдар

**«Ойыншықтар» аялдамасы.**

Бірінші сөреде неше ойыншық бар? (біреу)

Екінші сөреде неше доп көріп тұрмыз? (біреу)

үшінші сөреде қанша машина бар екен? (көп)

Ағаш



Бұта



**5.Пед жетекшілігімен ойын: «Сұрақтар ілмегі»**

-Балабақшамыздың ауласында не өседі?

-Қандай гүлдер өседі екен?

-Қандай ағаштар өседі екен?

-Балабақша ауласы сендерге ұнай ма?

**6.Таза ауада сергіту сәті.**

Достарым көп бақшада (шеңберге тұру)

Көңілдіміз бақшада

(қолдарын жайып)

Достықты біз сүйеміз

(бір-біріне қарап, жымию, құштасу)

Бірге күліп жүреміз

**7. Құрлымдалған ойын: «Жапырағынан таны»**

**Шарты:** жапырақтар арқылы ағашты тауып , атын атайды.



**8.Балабақшаға оралу.**

Айгүлмен қоштасу.

**Қорытынды.**

Балаларды мадақтау.Көңілді смайлктер беру.

**Тосын сәт.**

Аю келеді.

Қонжықтарына доп керек екенін айтады.

**Топқа бөлу.**

**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін жұмыс.**

Үлкен доп кіші доп суреттері арқылы.

1-топ ермексаздан үлкен доп мүсіндейді.

2-топ ермексаздан кішкентай доп мүсіндейді.

Балаларды бақылау

Жеке көмек

**Сергіту сәті.**

Қолды оңға созамыз,

Қолды солға созамыз,

Бір орында секіріп,

Біз демалып аламыз

**Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме»**

Балалардың жұмысын бағалау.

Балалардың жұмыстарын қорытындылау.

Аю балаларға рахмет айтып қоштасады.

Сұрақтар ілмегі арқылы аяқтау.(бала үні)

**Рефлексия «Өрмекші» әдісі**

**Өнім арқылы саралау**

**Мадақтау көңілді смайликтер тарату**

**қолдау көрсету.**

	<p>Үлкен машина қанша? (біреу) Ал кішкентай машиналар қанша екен? (көп) Бәрекелді. Жарайсыңдар! Сол жаққа бұрылыңдар. <b>«Қуыршақтар» аялдамасы.</b> (үлкен және кіші қуыршақтар арқылы салыстыру жұмыстарын жүргізу) Балаларды мадақтау. <b>Балабақшаға оралу.</b> Қорытынды. -Қонаққа кім келді? -Сендерден қандай көмек сұрады? -Поездбен қайда бардық? . <b>(бала үні)</b> Жарайсыңдар. Балаларға көңілді смайлктер беру</p> <p><b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Топ бөлмесіне саяхат» <b>Мақсаты:</b> Балалар назарын топтың ішіне аударады.. Топтың іші таза, ойыншықтардың, жиһаздың, өсімдіктердің, қоршаған орта заттарының орналасуына көңіл бөліп қарайды. <b>Ресурстар:</b> бөлмедегі заттар тобы. <b>Әдіс-тәсілдер:</b> 4К моделі: командада жұмыс жасау, <b>Оқу қызметінің барысы:</b> <b>1.Шаттық шеңбер</b> Армысын, асыл күн! Армысын, көк аспан! Армысын, жан досым! Жылуына жылу қос. Балалар, сендер бүгін таңертең тұрып қайда келдіңдер? - Балабақшаға.</p>	<p><b>2. Дене шынықтыру (Ү.К)</b> <b>Мақсаты:</b> 50см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіре алады. 2. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіре алады (сызықтардың арақашықтығы 40-50см). 3.Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап алады. <b>Күтілетін нәтиже:</b> арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіреді, 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіреді, Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүреді. <b>Ресурстар:</b> арқандар, бөрене. <b>Әдіс-тәсілдер:</b> 4К моделі: командада жұмыс жасау, сыни ойлау, <b>саралау:</b> үдеріс арқылы, <b>бақылау:</b> тікелей, жанама, <b>ҰОҚ өтілу барысы:</b> <b>1.Сәлемдесу.</b> <b>2. Шеңбермен жүру.</b> Қолды жоғары созайық, Шапалақты ұрайық. (қолды жоғары созып шапалақтап жүру) Кәне қолды жазайық, Қарлығашқа ұқсайық Балаларды мадақтау. Балаларға таяқшалар беру, бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу. <b>3.Жалпы даму жаттығулары.</b> <b>1.</b> Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «з-з-з» деп айту. /4 рет қайталау/ <b>2.</b> Аяқтары алшақ қойылған, қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. / 4 рет / <b>3.</b> Аяқтары алшақ қойылған, Қолды алдыға созып, оң қолмен сол қолды аяқастырып,</p>	
--	--	---	--

	<p>- Сендерге балабақшада ұнай ма?  <b>Қызығушылықтарын ояту.</b>  <b>Тосын сәт.</b>  Айгүл қуыршақ келеді.  Амандасады.  <b>Педагогтің жуан сұрақтар қоюы арқылы ұйымдасқан оқу қызметін жалғастыру</b>  Балалар Айгүлді топ бөлмемізбен таныстырайық.  <b>Топ бөлмесіне саяхат.</b>  Топ бөлмелерімен, ондағы құрал-жабдықтармен, заттармен таныстырады.  Балаларға Әр бөлменің өзіндік ерекшеліктері бар екенін, топтағы заттарды ұқыптылықпен ұстау керек екенін түсіндіру.  <b>Құрлымдаған ойын:</b>  «Нені қайда қоямыз?»  Ойыншықтарды өз орындарына қояды.  <b>Сергіту сәті:</b>  Кәне, қанат жазайық,  Қарлығаш боп ұшайық.  Ұшып, ұшып алайық,  Орнымызға қонайық.  (Б. Серікбаев).  Балабақшаға оралу.  Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.  <b>(бала үні)</b>  Балаларды мадақтау</p>	<p>қайшылау. / 4 рет қайталау/  <b>4. Аяқтарын біріктіру.</b> Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру.  <b>5) Тыныс алу жаттығуы</b>  Араның дыбысын салу.3-3-3  <b>4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.</b>  Допты (кішкене доптар) алып бір қолымен себетке лақтыру  <b>Бақылау әдісі: «Жаппай бақылау</b>  <b>5.Құрлымдалған ойын:</b>  «Күн мен түн»  Ойын шарты: Тәрбиеші «күн» дегенде балалар секіреді, жүгіреді.  «Түн» дегенде ұйықтайды.   Еркін ойын Жанама бақылау.  <b>6. Кері байланыс</b>  Балаларды мадақтау.</p>	
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Жүйелі киініп серуенге шығу .  Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді»  Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу</p>		
<b>Серуен:</b>	<b>Картотека №3</b> Картотека қосымша тіркелген.	<b>Картотека №4</b> Картотека қосымша тіркелген.	<b>Картотека № 5</b> Картотека қосымша тіркелген.
<b>Серуеннен оралу</b>	<p>Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі,  Сабынмен қол жуамыз,</p>		

	Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.		
<b>Түскі ас</b>	<b>Ойын- жаттығу :</b> Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. <b>Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"</b>		
<b>Ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.		
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары</b>	<b>№1</b> Картотека қосымша тігілген	<b>№2</b> Картотека қосымша тігілген	<b>№3</b> Картотека қосымша тігілген
<b>Бесін ас</b>	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сурту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.		
<b>Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b>	<b>Санамақ айту</b> <b>Пед жетекшілігімен ойын:</b> <b>Бір үйде біз нешеуіміз?</b> Санамақты жатқа айта алады. <b>4 к моделі, Бала үні</b>	<b>Картотека № 19</b> <b>Құрылымдалған дидактикалық ойын</b> <b>«Орнын тап»</b> <b>Мақсаты:</b> балалар өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айта алады, суреттен таба біледі. <b>4 к моделі, Бала үні</b> <b>Картотека қосымша тігілген.Қатынас саласы</b>	<b>Картотека №6</b> <b>Пед жетекшілігімен ойын:</b> <b>«Апта күндері»</b> <b>Мақсаты:</b> Апта күндерін атап, есте сақтай біледі. <b>4 к моделі, Бала үні</b> <b>Картотека қосымша тігілген.Қатынас саласы</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.		
<b>Серуен</b>	<b>Картотека №1</b> Картотека қосымша тіркелген.	<b>Картотека №2</b> Картотека қосымша тіркелген.	<b>Картотека №3</b> Картотека қосымша тіркелген.
<b>Таңертеңгі серуенді бекіту</b>			
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.		

**ЦИКЛОГРАММА**  
**II апта (қыркүйек айы 2021ж.**  
**« Болашақ » тобы**

**Өтпелі тақырып « Балабақшада»**  
**Тақырыпша. «Менің достарым»**

<b>Күн тәртібі</b>	<b>Дүйсенбі</b>	<b>Сейсенбі</b>	<b>Сәрсенбі</b>	<b>Бейсенбі</b>	<b>Жұма</b>
<b>Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу</b>	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
<b>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)</b>	<p><b>Педагог жетекшілігімен жүргізілетін жұмыс.</b>  Достар бірге жүреміз  Бірге ойнап күлеміз  Бірге балық аулаймыз  Міне біздер қандаймыз</p> <p><b>Құрылымдалған ойын: «Жадында сақтап көрші»</b>  <b>Мақсаты:</b> көргенін есте сақтай алады, зейінді, байқағыш бола алады  <b>4 к моделі, Бала үні</b></p>	<p><b>Педагог жетекшілігімен жүргізілетін жұмыс.</b>  Жарық болсын күніміз  Жарқын болсын үніміз  Елін сүйіп ер жетер  Біз болашақ гүліміз</p> <p><b>Құрылымдалған ойын: «Табиғат құбылыстарын ата»</b>  <b>Мақсаты:</b> суреттерге қарап, жазғы табиғат құбылыстарын атай алады.  <b>4 к моделі, Бала үні</b></p>	<p><b>Педагог жетекшілігімен жүргізілетін жұмыс.</b>  Күнмен бірге тұрамыз,  Құспен бірге ән саламыз  Қайырлы таң! Ашық күн!  Көңілді біз баламыз.</p> <p><b>Құрылымдалған ойын. «Жұп суреттер»</b>  <b>Мақсаты:</b>  Балалар бірдей суреттерді таба алады.  <b>4 к моделі, Бала үні</b></p>	<p><b>Картотека №9</b>  <b>Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын.</b>  <b>«Өзім және отбасым»</b>  <b>Мақсаты:</b> Отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті туралы түсінеді. бақытты жанұяның қандай болу керектігін біледі.  <b>4 к моделі, Бала үні</b></p>	<p><b>Картотека № 1</b>  <b>Құрылымдалған дидактикалық ойын: «Кім тез жинайды»</b>  <b>Ойын мақсаты:</b>  Көкөністер мен жемістерді ажырата біледі. Ойынға деген қызығушылық-тары артады.  <b>4 к моделі, Бала үні</b></p>
<b>Танертеңгі гимнастика</b>	<b>Қыркүйек айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</b> <b>Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау</b>				
<b>Таңғы ас</b>	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.				
<b>Ойындар, ҰОҚ дайындық</b>	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.				

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері</p>	<p><b>1. Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b> Үйшік ертегісі  <b>Мақсаты:</b> Ертегі желісінен түсінгенін өз ойымен айтып бере алады.  <b>Ресурстар:</b> дидактикалық материалдар  <b>Әдіс-тәсілдер:</b> 4К моделі: командада жұмыс жасау,  <b>Оқу қызметінің барысы:</b> Ұйымдастыру кезеңі.  <b>Шаттық шеңбері.</b>  Амансың ба, алтын Күн!  Амансың ба, Жер-ана!  Амансың ба, достарым!  Сендерді көрсем қуанам.  Балалар сендер ертегі жақсы көресіңіз ба!  <b>Қызығушылықтарын ояту.</b>  <b>Ғажайып сәт:</b>  Қызыл телпек:  - Сәлеметсіңдер ме, балалар! ме алыс жақтан, ертегілер елінен келдім.  Сендерге қызықты тапсырма алып келдім  Орындайсыңдар ма?  <b>Миға шабул</b>  <b>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»</b>  <b>Жұмбақ жасыру</b>  Диқанның тұқымын  Шашпай тек кетпейді  Қарны тоқ, қайғысы жоқ  Мысық қуса жетпейді.  <b>Тышқан</b>  2.Тауықтар қорқып жасқанған</p>	<p><b>1.Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы:</b>Менің достарым  <b>Мақсаты:</b> Достық туралы өз ойын ата алады. Достар арасында сыйластық достық, сүйіспеншілік қарым-қатынастарын түсінеді.  <b>Ресурстар:</b>  <b>Тақырып бойынша көрнекіліктер, доп.</b>  <b>Әдіс-тәсілдер:</b> 4К моделі: командада жұмыс жасау.  <b>Оқу қызметінің барысы:</b>  <b>Ұйымдастыру кезеңі.</b>  <b>Шаттық шеңбері.</b>  <b>Тосын сәт.</b>  <b>Ойын:</b> «Сәлемдесу»  Балалар екі - үш жұптан бір - біріне қарап, әр түрлі елдің, адамдардың сәлемдесу рәсімін көрсетеді.  <b>Қызығушылықтарын ояту.</b>  <b>Ғажайып сәт:</b>  Білмеспек келеді.  Дымбілмес: Менімен ешкім сөйлеспейді, ойнамайды, ешкім дос болмайды. (Дымбілмес жылайды).  <b>Ой қозғау</b></p>	<p><b>1.Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Заттар тобын салыстыру. Оң жақ – сол жақ  <b>Мақсаты:</b> Үлгі бойынша санау, екі топтағы заттар арасындағы теңдікті анықтай алады.  <b>Ресурстар:</b> дидактикалық материалдар  <b>Әдіс-тәсілдер:</b> 4К моделі: командада жұмыс жасау  <b>Оқу қызметінің барысы:</b> Ұйымдастыру кезеңі.  Балалармен амандасу.  <b>Шаттық шеңбері.</b>  Е.Өтетілеуұлының «Көңілді балалар»  Жабырқауды білмейміз,  Жалқаулықты сүймейміз,  Біз талантты жас ұлан,  Үлгі аламыз жақсыдан.  Балалардан жыл мезгілін,ай атын, апта күнін сұрау.  <b>Бала үні, сыни ойлау.</b>  «Түстер мен заттар» ойыны.  Балаларға доп лақтырып, бір түсті айтамын, допты алған бала сол түске сәйкес затты айту керек.  <b>Қызығушылықтарын ояту.</b>  <b>Тосын сәт.</b>Қоян келеді.  Қоянмен ойын.  <b>Пед жет ойын:</b>  <b>«Не қайда тұр»</b>  -Менің сол жағымда не отыр?  -Менің оң жағымда қандай аң</p>	<p><b>1. Жаратылыстану</b>  <b>Тақырыбы:</b> Менің жасыл достарым  <b>Мақсаты:</b> Бөлме өсімдіктері туралы түсіне отырып, оларды күтіп –баптауды біледі.  <b>Ресурстар:</b> Гүлдер  <b>Әдіс-тәсілдер:</b> 4К моделі: командада жұмыс жасау  <b>Оқу қызметінің барысы:</b>  <b>Шаттық шеңбер</b>  Табиғатым тамаша,  Көз тоймайды қараса.  Табиғатты аялап,  Жүрейікші балаша.  Сәлем бердім, алтын күн!  Сәлем бердім, көк аспан!  Сәлем бердім, достарға!  <b>Қызығушылықтарын ояту.</b>  <b>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»</b>  <b>«жұмбақ жасыру»</b>  Адамдардың бәрі қызығады,  Су құймасаң сәні бұзылады.  Бұл не?  <b>Табиғат бұрышына саяхат.</b>  <b>Топтағы гүлдермен таныстыру.</b>  Міне, мынау – қазтамақ деп аталатын гүл. Бөлме гүлі. Оның жапырақтарының лимонға ұқсайтын күшті, жұпар иісі бар. Ақшыл көк, күлгін түсті майда гүлдері болады.  Кактус. Кактуста күлтенің орнында инелер болады.  Мынау – фикус деп аталатын</p>	<p><b>1.Орыс тілі</b>  <b>Тема: Мои друзья».</b>  <b>Цель:</b> Закрепить понятие «друзья»  учить понимать значение слов, «друзья «учить ценить дружбу,беречь её; воспитывать чувство взаимовыручки;прививать любовь,бережное отношение ко всему живому.  <b>Ход занятия:</b>  Кто в дружбу верит горячо,  Кто рядом чувствует плечо,  Тот никогда не упадёт,  В любой беде не пропадёт.  Как вы, ребята,думаете о чём мы будем сегодня говорить?  Сюрпризный момент.  Раздаётся стук в дверь,младший воспитатель вносит коробку –посылку, говорит,что принёс в детский сад почтальон. Ребята,чтоэто?Откуда? (на коробке обратный адрес:Лесная поляна ,от Белоснежки).  А вы знаете кто такая</p>
--	---	--	---	--	--



<p>Құлағы артық басқа аңнан. <b>Түлкі</b></p> <p>2.Орғыған қорқақ, көзі қыли Қыспен жазда екі түрлі тон киеді. <b>Қоян</b> <b>Сыни ойлау, бала үні.</b> <b>Ой қозғау.</b> - Балалар бұл ертегі кейіпкерлері қай ертегі түрлерінде кездеседі? - Тағы қандай ертегі түрлерін білесіңдер? <b>Үстел үсті театры</b> <b>Үйшік ертегісі</b> <b>Балалардың әрекеті</b> <b>Жанама бақылау, мазмұн</b> <b>арқылы саралау, бала үні</b> <b>Сергіту сәті:</b> Алаңда үйшік Есікте құлып Сәулетті үйшік тым жақсы Үйшікте кім бар тіл қатшы Тук, тук ,тук Ертегіні трек сызба арқылы аяқтау <b>Ой дамыту.</b> Ертегі қалай аталады? - Үйшікте қандай жануарлар бар? <b>Құрлымдалған ойын:</b> <b>«Кім тапқыр»</b> <b>Ойының ережесі:</b> балаларға тірек суреттер беріліп, жануардың екінші бөлігін немесе сәйкес</p>	<p><b>Пед жет ойын:</b> <b>«Сұрақтар әлмегі»</b> - Сендердің достарың бар ма? – Достық дегенді қалай түсінесіңдер? -Достар қандай болу керек? Балалардың жауаптары. <b>Ыстық орындық</b> <b>әдісі.</b> Бір балаға орындыққа отырады. Сол балаға дос туралы сұрақтар қояды. – Сенің досың кім? – Сен кіммен дос болғың келеді? <b>Жанама бақылау,</b> <b>мазмұн арқылы саралау,</b> <b>бала үні</b> <b>Сергіту сәті.</b> Досым, досым жан досым, Неге сонша шаршадың. Кане ұста қолымнан, Секір, секір, секірші, Бір серігіп аларсың! <b>Қорытынды.</b> <b>«Көңілді доп» ойыны</b> арқылы сұрақтарды қоя отырып оқу қызметін қорытындылау. <b>Бала үні.</b> Оқу қызметіне белсене қатысқан балаларды күліп тұрған</p>	<p>отыр? <b>Бала үні.</b> <b>Балаларды түстер бойынша</b> <b>топқа бөлу.</b> 1-топ қызыл түс 2- топ көк түс 3-топ жасыл түс. Әр топқа тапсырма беру. Тапсырма шарты: шашылып жатырған ойыншықтарды түстеріне қарай сөрелерге орналастыру (жоғарыға қызыл ойыншықтар, ортасына жасыл ойыншықтар, астына көк түсті ойыншықтар) Балаларды жоғарыда, төменде, ортасында, сол жақта, оң жақта, арасында деген сөздерді қолдануға үйрету. <b>Жанама бақылау, мазмұн</b> <b>арқылы саралау, бала үні</b> Балаларды мадақтау. Әр топқа көңілді смайлктер беру. <b>Пед жет ойын:</b> <b>«Жасырынбак»</b> Әр топ қарама қарыс топқа заттың атын айтпай, оның қай жерде тұрғанын және белгілі бір қасиетін айтып жасырады . Қарсы топ оның қандай зат екенін табады. Дұрыс жауап береген топқа смайлк беру. <b>Сергіту сәті.</b></p>	<p></p> <p>гүл. Оның сопақша пішіндес, үлкен жылтыраған жапырақтары болады. Ауадағы шаңды, адамның кобалжуын, ашуын, көңілсіздігінен арылтады. Жапырақтары арқылы бөлме ішін шаң-тозаңнан сақтайды. <b>Топқа бөлу.</b> Балалар өздеріне ұнаған гүлдері арқылы 3 топқа бөлінеді. Оқу ортасы арқылы саралау. 1-топ Қазтамақ 2-топ Кактус 3-топ Фикус Әр топқа тапсырма беру. 1-топ Қазтамақ тобы: Гүлдердің шаңын сүртеді, су құяды. 2- топ Кактус тобы : <b>Пед жет ойын</b> <b>«Гүлге не қажет?»</b> Гүлге арналған құралдарды тауып тактаға іледі 3- топ Фикус тобы: <b>Құрлымдалған ойын:</b> <b>«Гүлдерді құрастыр».</b> Шарты: Қиылған гүлдерді құрастырып, қандай гүл екенін айтады. <b>Оқу ортасы арқылы саралау.</b> <b>Бала үні</b></p>	<p>Белоснежка? Дети:Да. Из какой она сказки? Дети:Белоснежка и семь гномов. Интересно,а что там внутри?(дети совместно с воспитателем открывают коробку и находят в ней письмо). Что это такое? Дети:Письмо. Садитесь на стульчики, сейчас мы его прочитаем. «Здравствуйте,ребята! Все мои друзья – гномы поссорились между собой. Не хотят больше дружить. Не знаю,что делать. Помогите их помирить пожалуйста!» Белоснежке нужна помощь.Поможем ей ребята?Дети:Да. <b>Игра»Отгадай</b> <b>загадку».</b> Мы в беде друг другу помагаем, Вместе делаем уроки и играем, Вместе ходим на прогулку,в магазин.</p>
---	--	---	--	--

<p>келетін тірек белгілерін тауып, сызық арқылы қосу. Мысалы: қоянның ұзын құлағы кішкентай құйрық, торғайдың тұмсығы-т.б</p> <p><b>Қорытынды:</b> Балаларды мадақтау</p> <p><b>2.Музыка</b> <b>Маман жоспары бойынша</b></p> <p><b>3. Дене шынықтыру. (Б.К)</b> <b>Мақсаты:</b> 50см жоғары көтеріл-ген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіре алады. 2. 4-5 сызық арқылы ор- нынан ұзындыққа секіре алады (сызықтардың арақашықтығы 40-50см). 3.Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап алады. <b>Күтілетін нәтиже:</b> арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіреді, 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіреді, Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүреді. <b>Ресурстар:</b> арқандар, бөрене. <b>Әдіс-тәсілдер:</b> 4К моделі: командада жұмыс жасау, сыни ойлау, <b>саралау:</b> үдеріс арқылы, <b>бақылау:</b> тікелей, жанама, <b>ҰОҚ өтілу барысы:</b></p>	<p>жұлдызшамен мадақтау, мақтау.</p> <p><b>2.Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b>Досымның үйі <b>( заттық сурет салу)</b> <b>Мақсаты:</b> Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе біледі. Үлгі бойынша пішінін ескере отырып сурет сала алады. <b>Ресурстар:</b> АҚТ тех, карандаш, қағаз. <b>Әдіс-тәсілдер:</b> 4К моделі. <b>Оқу қызметінің барысы:</b> <b>Қызығушылықтарын ояту.</b> <b>Тақпақ оқу</b> <b>Біздің үй ( Ғ.Өкеев)</b> Қалаушы да табылды, Үй салынды, жабылды, Қосып құмға лайды. Сылақшылар сылайды. Тезерек, есік, едені, Қиоласты әдемі. Құрылысшы боламыз, Зәулім үйлер саламыз <b>Ой қозғау</b> Балалар, үйді кімдер тұрғызады? балалармен</p>	<p>Ал, балалар тұрайық. Үлкен шеңбер құрайық, Алақанды соғайық. Оң жақтағы балаға, Шапалақты соғайық. Сол жақтағы балаға, Шапалақты соғайық. Жоғары төмен қарайық, Орнымызды табайық. <b>Құрлымдалған ойын:</b> <b>«Топтастыр»</b> <b>Шарты:</b> Алдарында қағазда бейнеленген заттарды топтастырады. Доп көп, шар аз. т.б. Балаларды мадқтау. Смайлк беру. <b>Қорытынды.</b> Қоян балаларды мадақтап, рахмет айтып қоштасады Балаларға сұрақ қою арқылы қорытындылау. -Қандай тапсырмаларды орындадық? -Қандай ойын ойнадық? Белсене қатысқан балаларды мақтау-мадақтау. Әр топтың смайлктерін салыстырып,мадақтау</p> <p><b>2.Құрастыру</b> <b>Тақырыбы:</b> Досымның үйі <b>Мақсаты:</b> Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, үйді пластина-ларды тігінен және кірпіштерді,</p>	<p><b>Сергіту сәті.</b> Гүлдер, гүлдер, шоқ гүлдер, Қызыл гүлдер, көк гүлдер. Тұра берші ырғалып, Тұра берші нұрланып. Сол тұрғаның ұнайды, Құлпырғаның ұнайды. Ұқсап сәби балаға. <b>Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.</b> -Табиғат бұрышында не бар? -Бөлме гүлдерін қалай күтеді? -Гүл атымен аталатын қыздардың аттарын білесіңдер ма? <b>Бала үні , сыни ойлау.</b> Балаларды мадақтау. Жақсы қатысқан балаларға жұлдызша беру.</p> <p><b>3. Дене шынықтыру. (Б.К)</b> <b>Мақсаты: (Б.К)</b> Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүре алады. <b>Ресурстар:</b> <b>Сылдырмақтар,қапшықтар, доға.</b> <b>Әдіс-тәсілдер:</b> 4К моделі: командада жұмыс жасау, <b>Тікелей бақылау.</b> <b>Кіріспе бөлімі:</b> Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру.</p>	<p>Когда нет тебя,то я один. Приходи скорее,я скучаю, Даже с танком любимым не играю. Мне общение с тобою очень нужно, А ещё нужна мужская... (дружба). Мы теперь уж не друзья, Ты ушёл в обиде я. Не на шутку разругались, Друг на друга обозвались, Ну а я теперь грущу. Приходи,тебя прощу. Согласись, ведь из-за вздора Выросла вот эта... (ссора).</p> <p>На контрольной даст списать,С ним всегда легко болтать.Если надо даст совет, Знает мой любой секрет. Радость делит он со мной, За меня всегда горой. Коль беда случится вдруг, Мне поможет</p>
---	--	--	---	---

	<p><b>1.Сәлемдесу.</b>  <b>2. Шеңбермен жүру.</b>  Қолды жоғары созайық,  Шапалақты ұрайық,  (қолды жоғары созып шапалақтап жүру)  Кәне қолды жазайық,  Қарлығашқа ұқсайық  Балаларды мадқтау.  Балаларға таяқшалар беру,  бірінің соңынан бірін жүгіріп,  шеңберге тұрғызу.</p> <p><b>3.Жалпы даму жаттығулары.</b>  <b>1.</b> Аяқтар алшақ қойылған,  қолдар бүйірде. Басты оң  иықтан сол иыққа қарай, сол  оңға қарай иілту. «з-з-з» деп  айту. /4 рет қайталау/  <b>2.</b> Аяқтары алшақ қойылған,  қолдары бүйірде, оңға - солға  бұрылу, Әр бұрылған сайын  «көрдім» деп айту. / 4 рет /  <b>3.</b> Аяқтары алшақ қойылған,  Қолды алдыға созып, оң қолмен  сол қолды айқастырып,  қайшылау. / 4 рет қайталау/  <b>4.</b> Аяқтарын біріктіру.  Қолдарын қоянның аяғына  ұқсату. Орнында секіру.  <b>5) Тыныс алу жаттығуы</b>  Араның дыбысын салу.з-з-з  <b>4.Негізгі қимыл қозғалыс  жаттығулары.</b>  Допты (кішкене доптар) алып  бір қолымен себетке лақтыру  <b>Бақылау әдісі: «Жаппай</b></p>	<p>әңгіме жүргізу.  Слайд. Үйлер  <b>4 к моделі, бала үні</b>  <b>Үдеріс арқылы саралау</b>  <b>Жетелеуші сұрақтар</b>  <b>Топқа бөлу.</b>  Карандаш, бояу арқылы.  Балалар өздеріне ұнаған  заттарды алады.  1-Топ. Карандаштар  2- топ. Бояулар.  <b>Жұмыстың орындалу  техникасын көрсету.</b>  <b>1-топ</b> Карандашпен  үйдің суретін салады.  <b>2 топ</b> Қылқаламен үйдің  суретін салады.  <b>Сергіту сәті.</b>  Орнымыздан тұрайық,  Қарлығаш боп ұшайық.  Бір отырып, бір тұрып,  Жақсы сергіп алайық.  <b>Пед жетек ойын.</b>  <b>«Бұл үйде кім тұрады».</b>  АКТ пайдалану.  <b>4 к моделі, бала үні</b>  <b>Галереяны шаралу.</b>  Балаларды мадақтау.  3 шапалақ әдісі арқылы  қорытындылау.  <b>3. Дене шынықтыру.</b>  <b>Мақсаты: (Ү.К)</b>  Кішкене қапшықты  төбесіне қойып, тақтай  үстімен жүре алады.</p>	<p>бөлшектерді көлденеңінен  орналастырырып  құрастыруды біледі.  <b>Ресурстар: АКТ тех,</b>  <b>карандаш, қағаз.</b>  <b>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі.</b>  <b>Оқу қызметінің барысы:</b>  Ұйымдастыру кезеңі.  Шаттық шеңбері.  Қуанамын мен де,  Қуанасың сен де.  Қуанайық достарым,  Жарқыраған күнге!  <b>Әңгімелесу.</b>  Балалардың өздері тұратын  үйлері жайында әңгімелету.  Мекен жайларын сұрау.  <b>Акт технологиясы.</b>  Балалармен бірнеше үйлердің  суреттерін қарап, талдау  жасау.  <b>Ой салу.</b>  <b>Пед жет ойын: «Менің үйім»</b>  Шарты: Өз үйлерін қалай  құрастыруға болатынын  ойландыру.  <b>Топқа бөлу.</b>  Лего ойыншықтары және  конструктор арқылы топқа  бөлу, Әр бала құрылыс  материалдарынан өз үйлерін  құрастырады, үйдің іргетасы  ,қабырғалары, төбесі,  терезелері, т.б бөліктерін  тауып алады.  <b>4 к моделі, бала үні</b></p>	<p>Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен  жүру.қол жанда, өкшемен жүру  жұптасып жүру .  Шеңбер бойымен тұру.  Қолдарын созып,  арақашықтықты сақтау  <b>Негізгі бөлім:</b>  <b>Жалпы даму жаттығулары.</b>  <b>Сылдырмақпен</b>  <b>Б.қ.: «Көбелек қонды»</b>  <b>1.</b> Аяқтары иық мөлшерінде.  Қолдары артта. Иыққа қонған  көбелекті көру. басты оңға,  солға бұру, «қонды» деп айту.  бр  <b>Б. қ.: «Жыланның</b>  <b>қозғалысы»</b>  <b>2.</b> Аяқ иық көлемінде, қолды  жанға созу. Жыланның  қимылын жасау. иықты  ирелеңдете айналдыру. /6 рет  қайталау/  <b>Б.қ.: «Қайшы»</b>  <b>3.</b> Аяқтар алшақ қойылған,  қолдар жан-жақта, қолдарды  қайшылау./6 рет /  <b>Б. қ.: «Жұлдызша»</b>  <b>4.</b> Қолдары белде. Аяқты бірге  ұстау. Орнында секіріп аяқты  және қолды жанға созу «ха-а-а»  деп айту, орнында секіріп аяқты  біріктіру және қолды белге  қою, «хоп» деп айту. /6 рет /  <b>Тыныс алу жаттығулары:</b>  шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-  ш). Терең тыныс алып, демді</p>	<p>верный...( друг).  Коллективная  работа»Цветок добрых  слов».  Мы немного  отдохнули,а теперь  прошу друзья за  работу нам пора.  Ребята сейчас мы с  вами делаем цветок  добрых слов, и  отправим его к лесным  гномам и Белоснежке.  Чтоб они посмотрели  на него,прочитали  наши слова и  помирились.  Каждый ребёнок  получает лепесток  цветка.Ведущий  говорит.  Потихоньку посидим  И цветочек смастерим  Лепесточек ты возьми  Слово доброе скажи  И к серёдке прикрепи  Дети подходят к  воспитателю говорят  доброе слова.  <b>2.Жапсыру</b>  <b>Тақырыбы:</b>  «Досымның үйі»  <b>Мақсаты:</b> Үй  құрлысы туралы  түсінеді. Қайшыны</p>
--	---	--	---	---	--

<p><b>бақылау</b>  <b>5.Құрлымдалған ойын:</b>  «Күн мен түн»  Ойын шарты: Тәрбиеші «күн» дегенде балалар секіреді, жүгіреді.  «Түн» дегенде ұйықтайды.</p> <p>Еркін ойын Жанама бақылау.</p> <p><b>6. Кері байланыс</b>  Балаларды мадақтау.</p>	<p><b>Ресурстар:</b>  Сылдырмақтар, қапшықтар, доға.  <b>Әдіс-тәсілдер:</b> 4К моделі: командада жұмыс жасау, Тікелей бақылау.  <b>Кіріспе бөлімі:</b>  Бірінің артынан бірі сапқа тұру.  Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру.  Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру. қол жанда, өкшемен жүру жұптасып жүру .  Шеңбер бойымен тұру.  Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау  <b>Негізгі бөлім:</b>  <b>Жалпы даму жаттығулары.</b>  <b>Сылдырмақпен</b>  <b>Б.қ.: «Көбелек қонды»</b>  <b>1.</b> Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды» деп айту. бр  <b>Б. қ.: «Жыланның қозғалысы»</b>  <b>2.</b> Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасау. иықты</p>	<p><b>Өнім арқылы саралау</b>  <b>Жанама бақылау</b>  <b>Сергіту сәті.</b>  Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық.  Бір отырып, бір тұрып, Біз демалып алайық.  Бір бірінің жасаған үйлерінің құрылыстарын қарап шығады.  <b>Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме»</b>  Балалардың жұмысын бағалау.  Қорытынды.  Өз ара бір бірін бас бармақ арқылы бағалайды.  Балаларды мадақтау.</p>	<p>шығару.  <b>Бастапқы қалыпқа келу.</b>  Қимыл- қозғалыс жаттығуы  Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру.  <b>4 к моделі, бала үні</b>  <b>Өнім арқылы саралау</b>  <b>Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау</b>  <b>Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары.</b>  1. Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру.  2. Доға астынан еңбектеп өту.  <b>Қимылды ойын:</b>  <b>«Қояндар мен қасқыр»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру.  Денсаулықтарын шынықтыру  <b>4 к моделі, бала үні</b>  <b>Мазмұн арқылы саралау</b>  <b>Қорытынды:</b>  Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүгіру</p>	<p>дұрыс ұстау және пайдалана отырып, берілген тапсырманы орындай алады.  <b>Ресурстар:</b>  <b>дидактикалық материалдар</b>  <b>Әдіс-тәсілдер:</b> 4К моделі: командада жұмыс жасау,  <b>Оқу қызметінің барысы:</b>  Ұйымдастыру кезеңі.  Шаттық шеңбері.  <b>Миға шабул</b>  <b>Пед жет ойын: «кәм тапқыр?»</b>  <b>Жұмбақ</b>  Ырылдайды, үреді, Үй маңында жүреді.  Иесін ол біледі, Бөтен біреу келсе егер, Үріп белгі береді  <b>Тақтаға күшік суретін ілу</b>  Күшік туралы әңгімелесу.  <b>Тосын сәт.</b>  Күшік келеді.  сендерден көмек сұрау үшін келіпті. күшіктің тұратын үйі жоқ екен. Не істейміз?  Көмектесіп, үйшік салып береміз бе?  Ал, сендер қандай үйде</p>
---	--	---	--	--

		<p>ирелеңдете айналдыру. /6 рет қайталау/ <b>Б.қ.: «Қайшы»</b> <b>3.</b>Аяқтар алшак қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау./6 рет / <b>Б. қ.: «Жұлдызша»</b> <b>4.</b> Қолдары белде. Аяқты бірге ұстау. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қою, «хоп» деп айту. /6 рет / <b>Тыныс алу жаттығулары:</b> шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару. <b>Бастапқы қалыпқа келу.</b> Қимыл- қозғалыс жаттығуы Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру. <b>4 к моделі, бала үні</b> <b>Өнім арқылы саралау</b> <b>Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау</b> <b>Негізгі қимыл-қозғалыс</b></p>			<p>тұрасындар? <b>АКТ технологиясы.</b> Слайд .Үйлер. <b>Үдеріс арқылы саралау, бала үні, сыни ойлау.</b> Үйшік жасаудың әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру.. Қауіпсіздік ережесімен таныстыру. <b>Мазмұн арқылы саралау, бала үні.</b> <b>Серттігі сәті.</b> Иіліп оңға бір, Иіліп солға бір. Денемізді дұрыстап, Тұрамыз тік ұстап. Балалар жұмыстарын жалғастырады. Жеке көмек. <b>Жанама бақылау.</b> Күшік балалардың жасаған үйлеріне қуанып, қоштасады. Қорытынды. Сұрақ жауап арқылы қорытындылау. <b>Бала үні.</b> Балаларды мадақтау.</p>
--	--	--	--	--	---

		<p><b>жаттығулары.</b>  1.Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру.  2.Доға астынан еңбектеп өту.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b>  <b>«Қояндар мен қасқыр»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру  <b>4 к моделі, бала үні</b>  <b>Мазмұн арқылы саралау</b>  <b>Қорытынды:</b>  Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүгіру</p>			
<b>Серуенге дайындық</b>	<b>Киіну:</b> Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
<b>Серуен:</b>	<b>Картотека №11</b> Картотека қосымша тіркелген.	<b>Картотека № 12</b> Картотека қосымша тіркелген.	<b>Картотека №13</b> Картотека қосымша тіркелген.	<b>Картотека №14</b> Картотека қосымша тіркелген.	<b>Картотека №15</b> Картотека қосымша тіркелген.
<b>Серуеннен оралу</b>	Ойын- жаттығу: Мөлдір су Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
<b>Түскі ас</b>	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.				
<b>Ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
<b>Біртіндеп ұйқыдан</b>	<b>№6</b>	<b>№7</b>	<b>№8</b> Картотека қосымша	<b>№9</b> Картотека қосымша тігілген	<b>№10</b>

ояту, шынықтыру шаралары	Картотека қосымша тігілген	Картотека қосымша тігілген	тігілген		Картотека қосымша тігілген
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	<b>Құрылымдалған ойын: «Кім жылдам»</b> Шарты: Қиындылардан суреттерді құрастырады.  Еркін ойын. Қадағалау.	<b>Құрылымдалған дидактикалық ойын: «Не артық»</b> Мақсаты: Балалар берілген суреттердің ортақ атауы барын түсінеді. Еркін ойын. Қадағалау.	<b>Құрылымдалған ойыны «Телефон»</b> <b>Мақсаты:</b> естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуді үйренеді. Сөздік қоры дамиды. Еркін ойын. Қадағалау.	<b>Пед жет ойын: «Суреттер сөйлейді.</b> Шарты: Суретке әңгіме құрап айтады. Ойын бұрышын ретке келтіру.	<b>Педагог жетекшілігімен сюжетті рөлді ойын «Дәрігер»</b> <b>Мақсаты:</b> балалардың дәрігер мамандығы туралы түсініктері қалыптасады.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен	<b>№6</b> Картотека қосымша тігілген	<b>№7</b> Картотека қосымша тігілген	<b>№8</b> Картотека қосымша тігілген	<b>№9</b> Картотека қосымша тігілген	<b>№10</b> Картотека қосымша тігілген
<b>Таңғы серуенді бекіту. Сұрақ –жауап әдісі</b>					
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. .Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.				

**ЦИКЛОГРАММА**  
**III апта қыркүйек айы 2021ж.**  
**«Болашақ» тобы**

**Өтпелі тақырып « Балабақшада»**  
**Тақырыпша. «Менің сүйікті ойыншықтарым»**

<b>Күн тәртібі</b>	<b>Дүйсенбі</b>	<b>Сейсенбі</b>	<b>Сәрсенбі</b>	<b>Бейсенбі</b>	<b>Жұма</b>
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )	<b>П/Ж ойын: «Пайдалы азық - түліктер»</b> <b>Мақсаты:</b> балалар денсаулыққа пайдалы азық – түліктерді біледі, атай алады. <b>топпен жұмыс, сыни ойлау</b>	<b>Құрылымдалған дидактикалық ойын: «Құлыпты аш»</b> <b>Мақсаты:</b> логикалық ой-лай алады, геометриялық пішіндерді түрі және түсі бойынша ажырата алады. <b>4 к моделі, Бала үні</b>	<b>Педагог жет ойын: «Дауысынан таны»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың үй жануарлары туралы және қалай дыбыстайтындығы туралы түсіндіктері қалаыптасады.	<b>Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Мен бастаймын, сен жалғастыр»</b> <b>Мақсаты:</b> Өлеңнің сөздерін тез есте сақтауға дағдыланады	<b>Құрылымдалған дидактикалық ойын: «Бау да ма,бақшада ма?»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар көкөністер мен жемістер туралы түсінеді.
Таңертеңгі гимнастика	<b>Қыркүйек айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</b> <b>Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау</b>				
<b>Таңғы ас</b>	Астарын төкпей ішу. Ас үшіп отырып сөйлемей. Ас ішіп болып, қолдарын жуу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындау.				
<b>Ойындар, ҰОҚ дайындық</b>	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау				
<b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері</b>	<b>1.Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> Бақшадағы ойыншықтар <b>Мақсаты:</b> Ойыншықтардың атауларын дұрыс атай алады. Ойыншықты күтіп ұстауды біледі. <b>Ресурстар:</b> АҚТ тех,	<b>1.Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> «Ойыншықтар»өлеңі. Н. Әлімқұлов. <b>Мақсаты:</b> Өлеңді эмоционалды қабылдай біледі, түсініп, есте сақтау арқылы өз ойын айта алады. <b>Ресурстар:</b> Дидактикалық	<b>1.Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу. Үлкен, кіші, кішкентай. Шаршы <b>Мақсаты:</b> Заттар саны мен цифр арасындағы байланысты қою; «үлкен, кіші, кішкентай» өлшемдері, әртүрлі өлшемдегі	<b>1. Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> Топтағы ойыншықтар <b>Мақсаты:</b> Ойыншықтар туралы мағлұмат ала отырып, ойыншықтардың неден, қандай заттардан жасалатыны туралы түсінеді. <b>Ресурстар:</b> Дидактикалық	<b>1.Музыка</b> <b>Маман жоспары бойынша</b>  <b>2.Мүсіндеу</b> <b>Тақырыбы:</b> Қоян-менің сүйікті ойыншығым



**ойыншықтар.**  
**Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі: командада жұмыс жасау,  
**Оқу қызметінің барысы**  
**Ұйымдастыру:**  
**Шаттық шеңбер.**  
 Біз ұқыпты баламыз  
 Айтқан тілді аламыз  
 Ойыншықтарды жинаймыз  
 Үлкендерді сыйлаймыз  
 Балалар қазір жылдың қай мезгілі?  
 Күз мезгілінің неше айы бар?  
 Кәне атап жиберіңдерші  
 Қазір күздің қай айы?  
 Бүгін ауа-райы қандай болып тұр?  
**Қызығушылықтарын ояту.**  
**Пед жет ойын**  
**:«Кім тапқыр?»** Жұмбақ жасыру.  
 Аяғы бар жүрмейді  
 Ауызы бар күлмейді  
 Айнымайды бөпемнен  
 Тек сөйлеуді білмейді.  
 Қуыршақты көрсету.  
 Тағы қандай ойыншықтарды білесіңдер?  
**Ой қозғау.**  
**Пед жет жұмыс: «Сұрақтар ілмегі»**  
 1. Сендер ойыншықпен ойнағанды ұнатасыңдар ма? Сендерге қандай

**материалдар.**  
**Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі: командада жұмыс жасау  
**Оқу қызметінің барысы**  
**1.Ұйымдастыру:**  
**Қызығушылықтарын ояту.**  
**Жұмбақ жасыру.**  
 Аяғы бар, жүрмейді,  
 Аузы бар, күлмейді  
 Айнымайды бөпемнен,  
 Тек сөйлеуді білмейді.  
 -Дұрыс қуыршақ.  
 - Біздің бөлмемізде қандай ойыншықтар бар?  
**Бала үні, сыни ойлау.**  
**Нұрсұлтан Әлімқұловтың «Ойыншықтар»** өлеңімен танысып, жаттау.  
 Өлеңді мәнерлеп оқу.  
**Ойыншықтар**  
 Біздерде бар қуыршақ,  
 Бұзау, қозы, құлыншақ.  
 Ойыншықтар тыңдайды,  
 Ақыл айтсақ, бұйырсақ,  
 Қуыршақтар ұйықтайды.  
 Айтқаныңнан шықпайды.  
 Бұзау, қозы құлыншақ.  
 «Ұйықта» десең, ұқпайды.  
 Тыңдамайды ұрысса,  
 Осылары дұрыс па?  
 Тентектігін қоймаса,  
 Тұрғызармын бұрышқа.  
**Мазмұн арқылы саралау, тікелей бақылау, бала үні**  
**Бір қадам әдісі** бойынша жаттау.

шаршы туралы ұғымдарды біледі.  
**Ресурстар:** Таратпа материалдар.  
**Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі: командада жұмыс жасау  
**Оқу қызметінің барысы**  
**Ұйымдастыру кезеңі.**  
 Балалармен амандасу.  
 Доп лақтыру әдісі арқылы жыл мезгілін, ай атын, апта күнін сұрау.  
**Өткенді қайталау**  
**Құрлымдалған ойын:**  
**«Математикалық пазл»**  
 Мақсаты: Сандарды қайталап ретімен дұрыс орналастыру.  
 Ойын шарты: Балалар қиынды суреттерден сандарды ретімен құрастырады.  
  
**Сыни ойлау, крaтивтілік**  
**Ой қозғау.** Ненің суреті шықты?  
**Бала үні**  
 Дұрыс автобус.  
 Балалар, осы автобуспен орманға саяхатқа барамыз.  
**Орманда құртақандарға кездесу.**  
 Кәне, балалар олармен жақсылап танысып алайық.

**материалдар.**  
**Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі: командада жұмыс жасау  
**Оқу қызметінің барысы**  
**1.Ұйымдастыру:**  
**Мнемотехника арқылы жыл мезгілін сипаттау.**  
  
**2.Тосын сәт.** Қонаққа Буратино келеді. Балалармен амандасады. Үстел үстінде тұрған бірнеше ойыншықтарды көріп таңырқайды.  
 - Балалар, мына үстел үстіндегі жатқан заттар не?  
 - Ойыншықтарды жеуге бола ма?  
**Мазмұн арқылы саралау, бала үні.**  
**3. Ой дамыту**  
**Мнемотехника әдісімен жұмыс.**  
**Ойыншықтарды сипаттау.**

**Мақсаты:** Ермексазды домалату, шымшу, жалпайту тәсілдерін қолдана отырып, қоянды мүсіндей алады.  
**Ресурстар:**  
 Дидактикалық материалдар.  
**Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі: командада жұмыс жасау  
**Оқу қызметінің барысы**  
 Ұйымдастыру:  
 Шаттық шеңбер  
 Арайланып таң атты.  
 Күн шуағын таратты  
 Қайырлы таң, қайырлы күн!  
 Қайырлы күн, достарым!  
 Жылуыма жылу қос,  
 Бәріміз болайық дос!  
**Миға шабул әдісі.**  
**Пед жет ойын:**  
**«Кім тапқыр?»**  
 Жұмбақ шешу:  
 Құлағы ұзын,  
 өзі қорқақ, сәбізді ұнатады – ол не?  
 (қоян)  
 Қоянның бейнесін сипаттау. (дене мүшелерін)  
**Құрлымдалған ойын:**

ойыншық ұнайды?  
Қыз балалар көбіне қандай ойыншықпен ойнайды?  
Ал, ұлдар ше?  
- Балалар, сендер ойыншықты қалай күтіп ұстайсыңдар?

**АКТ технологиясы.**

**Слайд. Ойыншықтар**

Суреттен қандай ойыншықтарды көріп тұрсыңдар?

Балалардың жауаптары.  
Қонаққа ойыншықтардың досы Айгүл келді. Айгүл бізге ойыншықтар әкеліпті.

Қазір сол ойыншықтарды сендерге таратып беремін.

- Қане, балалар, алған ойыншықтарың туралы бізге айтып беріңдер? Түсі қандай, неден жасалған?

**Бала үні, үдеріс арқылы саралау, сыни ойлау.**

**Сергіту сәті.**

Орнымыздан тұрайық,  
Алақанды ұрайық.

Бір отырып, бір торып,  
Біз бір дем алайық.

Балаларды мадақтау

**Тақпақ айту.**

Ойыншықтарым көп менің  
Бәрін жақсы көремін.

Кешке дейін жалықпай,  
Бірге ойнап жүремін.

**4 к моделі, бала үні**

Балаларды мадақтау

**Сұрақ-жауап**

Балалар, өлең сендерге ұнады ма?

Өлеңде не туралы айтылған?

Ойыншықтармен қалай ойнау керек?

Ойыншықтар неден жасалады? **Бала үні.**

**Сергіту сәті**

Тік ұста бойыңды,

Жоғары соз қолыңды.

Соз қолыңды тағы да,

Жеткіз жираф мойына.

**Құрлымдалған ойын: «Кім ұқыпты?»**

**Шарты:** Ойыншықтармен не істеуге болмайтыны, не істеу керектігі жайлы карточкадағы суреттер арқылы айтып береді

**4 к моделі, бала үні**

**Өнім арқылы саралау**

**Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау**

**Қорытынды.**

Мына суреттерден ойыншықты тауып қорша.

Балаларды мадақтау

**2. Суретсалу**

**Тақырыбы:** Менің сүйікті ойыншығым

(заттық сурет салу)

**Мақсаты:** Домалақ пішінен доптың суретін салып, ирек

Балаларға «үлкен- кішкентай, түсі, алдында-артында, арасында, қасында» деген сөздерді пайдаланып, суреттегі әр құртақанды сипаттап беруді ұсыну.



Балаларды пішіндер арқылы 3 топқа бөлу.

1-топ үшбұрыштар

2-топ төртбұрыштар

3-топ дөңгелектер.

Әр топқа тапсырма беру.

**Оқу ортасы арқылы саралау.**

**1-топ үшбұрыштар тобына тапсырма.** Құртақандардың қолындағы пішіндерді ата және шаршыны көрсет.



**2-топ төртбұрыштар тобына тапсырма:** Құртақандарды санына қарай сызық арқылы үйлеріне орналастыр.



Ойыншықтар резеңкеден, ағаштан, пластмасса ойыншық түрлерін көрсетіп түсіндіру.

**Блум таксономиясы, мазмұн арқылы саралау.**

**4. Балаларды екі орталыққа бөліу.**

**1-ші** орталықтағы балаларға машина, қуыршақ, кірпі, күшік, робот, автобус, құрылыс материалдары, т.б. әртүрлі материалдан жасалған ойыншықтардың ішінен өзіне ұнаған ойыншықтың біреуіне сипаттама жасайды.

**2-ші** орталықтағы балалар ойыншықтарға арнап үй құрастыруды.

**Оқу ортасы арқылы саралау. Креативтілік дағды дамыту.**

**Сергіту сәті:**

Біз ойыншықпен ойынаймыз,  
Қоян сияқты секіреміз.

Аю сияқты қорбандап,  
Қу түлкідей жүгіріп,

Қуыршақпен дос болып,  
Бір керіліп аламыз

**Пед жет ойын: «Орнында не жоқ?»**

**«Кім жылдам?»**

Мақсаты:

Шапшандылыққа үйрету.

Ойын шарты.

Пішіндерден қоян бейнесін құрастыру.

Балаларды мадақтау.

**Креативтілік дағды, бала үні.**

**Топқа бөлу.**

Үлкен кіші сәбіздер арқылы.

**Қоянды мүсіндеуді әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру.**

1. Ермексазды жұмсартқызу;

2. Үлкен және кішкентай сопақша бөлшектерге бөлгізу;

3. Кішкентай сопақшалардан аяқ,

қол жасату;

4. Барлық бөлшектерін біріктіріп, қоянды жасату.


**1-топ** ермексаздан қоян мүсіндейді.

**2-топ** қардан бетіне саусақтармен есіп мүсіндейді.

**Креативтілік дағды, сыни ойлау.**

**Өнім арқылы саралау**

**Жетелеуші сұрақтар**

